

Ф.Ш.ОРАЗБАЕВА¹, Р.С.РАХМЕТОВА¹, А.Қ.РАУАНДИНА¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

(Алматы, Қазақстан)

f_orazbaeva@mail.ru, raigul.67@mail.ru, aitzhamal@bk.ru

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ

Аңдатпа

Жаһандану заманында ақпараттар легі де зор. Толассыз келіп жатқан ақпараттар ағымы білімалушыға пайдасы мен зиянын қатар тигізіп жатқаны жасырын емес. Тілді шұбарлап сөйлеу, ана тілінде сауатты сөйлей алмау, кейбір сөздердің мағынасын жете түсінбеу, күнделікті қарым-қатынас тілімен ғана шектеліп, әдеби тіл нормаларын сақтамау қалыпты құбылысқа айналып барады. Сондықтан да қазіргі білім беру үдерісінде оқушының сөйлеу тілін дамытудың маңызы зор. Оқушыны сауатты әрі мәдениетті сөйлеуге үйрету сабақ үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы жүзеге асады. Оқушының айтылым дағдысын интерактивті әдіс-тәсілдер арқылы дамыту осы түйінді мәселені шешуге сәл де болса септігін тигізеді анық. Айтылым екі жақты байланысқа негізделетін – сөйлесім әрекетінің түрі. Айтылым сөйлеу актісін жүзеге асырады және ол белгілі бір коммуникативтік мақсатты іске асыруға бағытталады. Айтылымда оқушы өз ойын, тұжырымын жеткізуге дағдыланады. Дағды бірден қалыптасатын әрекет емес. Ол түрлі кезеңдерден өтеді. Алған білімін күнделікті қайталау, өз ісіне баға беру, кеткен кемшіліктер мен кедергілерді анықтау арқылы жетіле түседі. Егер оқушы өз әрекетіне сыни тұрғыдан баға бере алмаса, бір әдіспен орындалатын тапсырманы күнделікті орындау арқылы білімін кеңейте алмаса, онда дағды қалыптаспайды. Мақалада айтылым, дағды және интербелсенді әдістер жайлы сөз болады. Ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, айтылым мен дағды туралы сөз қозғалады. Оқушылардың айтылым дағдысын қазақ тілі сабағында интербелсенді әдіс-тәсілдер арқылы дамытудың жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: айтылым; дағды; интербелсенді әдістер; сөйлеу актісі; коммуникация; сөйлесім әрекеті; қатысымдық бірлік.

Кіріспе. Сөйлесім әрекеті адам өмірінде маңызды рөлге ие. Сөйлесім әрекеті арқылы адам қарым-қатынасқа түседі. Ғалымдар сөйлесім әрекетінің төрт түрін көрсетеді: тыңдау, оқу, айту, жазу. Бұл терминдерді қазақ тілінде тыңдалым, оқылм, айтылым, жазылым және тілдесім деп атап, ғылыми айналымға кіргізген – ғалым Ф.Ш. Оразбаева.

Негізші бөлім. Е.Н. Роготневаның айтуынша, сөйлеу әрекетінің төрт түрі қарым-қатынас үрдісінің негізін құрайды. Вербальды қарым-қатынастың ұтымдылығы адамның сөйлеу әрекетінің осы

төрт түрін қаншалықты меңгергенімен байланысты. Адамның осы төрт әрекетті меңгеру деңгейі оның бағалау критерийі де болып саналады. Яғни адамның сөйлеу әрекетін меңгеру деңгейі оның жалпы мәдениетінен де хабардар етеді [1, 12 б.]. Яғни адам қатысымда сөйлесім әрекетінің барлық түрін қолданады. Оның қолданысы арқылы біз оның тілді меңгеру деңгейін бағамдай аламыз. Мәселен, айтылымда адамның ой-өрісі, танымы, қатысымдық білік, дағдысының қаншалықты деңгейде екені көрінеді. Себебі айтылым екі жақты

қатынастың болуын қажет етеді. Айтылым арқылы сөйлеу актісі жүзеге асады. Тілші-ғалым А. Байтұрсынұлы: «Сөйлеудің асыл мағынасы – біреуге білдірейін деген ойын айту. Айтушының мақсаты – тыңдаушыға ойын түгел түсіндіру. Ойын түсіндіру үшін соған керек сөздерді алу қажет...» деп, адам ойын жеткізуде сөйлесім әрекетінің барлық түрінің өзара бірлікте қолданылатынын айтады [2, 219 б.].

«Тілдің адам тіршілігімен тығыз байланысты екені соншалық – онсыз өмірді елестетудің өзі қиын. Егер жердің бір түкпірінде екі баяншы немесе одан да қабылдаушылар кездесе қалса, олардың көп ұзамай-ақ бір-бірімен тіл қатысуы әбден мүмкін жайт. Егер адамның сұхбаттасушысы болмаса, онда ол өзімен-өзі, итімен, тіпті бөлмедегі гүлмен сөйлеседі...» [3, 7 б.].

Мектеп оқушысының айтылым дағдысын дамыту қазіргі таңда ерекше маңызға ие. О.Я. Гойхманның тұжырымынша, тіл – әлеуметтік құбылыс. Сондықтан оған әлеуметтік факторлардың бәрі де әсер етіп отырады [4, 17 б.]. Жаһандану үдерісі жылдан жылға күнделікті өмірімізге толассыз ақпараттар ағымын әкелуде. Түрлі ақпараттық желілер оқушының ой-өрісін кеңейтумен қатар, қосымша қажетсіз ақпараттар беретіні жасырын емес. Осымен байланысты басқа тілге еліктеушілік, өз ана тілінің айтылым нормасын сақтай бермеу күннен күнге белең алып келеді. Сондықтан да оқушыға қазақ тілінің әдеби тіл нормасын меңгерту, оны айтылымда дұрыс қолдана білуге үйрету өзекті мәселеге айналып отыр. А.А. Леонтьевтің пікіріне сүйенсек, тіл адамның әлеуметтік-тарихи тәжірибесінің өмір сүру формасы, бұл тұрғыдан алғанда, адам үшін әлем тілмен бөлшектелген болып саналады, бірақ егер тілді лингвистикалық ойлау үдерісі тұрғысынан алсақ, онда ол адамзаттың әлеуметтік тәжірибесін көрсетеді [5, 34 б.]. Яғни тіл – адамзаттың сан ғасырлық қоғамдық-тарихи өмірі мен тәжірибесінің жемісі.

Мақсаты. Қазіргі білім беру жүйесінде қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер өте көп. Оқушының айтылым дағдысын дамыту үшін

осылардың ішінен ең ұтымды, пайдалы әдіс-тәсілдерді таңдап алудың мәні зор. Тиімді болып табылатын әдіс-тәсілдерді іріктеп қолдану арқылы оқушының айтылым дағдысын дамыту мұғалімнен көп ізденісті қажет етеді. Айтылым сөйлеу актісін жүзеге асырады, яғни қатысымдық мақсатқа жетуге ықпал етеді. Сондықтан да интербелсенді әдістер арқылы оқушының айтылым дағдысын дамыту мақсат етіліп отыр.

Зерттеу әдіснамасы. Оқушының айтылым дағдысын дамыту мәселесін сөз етерден бұрын ең алдымен, «айтылым» терминінің мәнін ашып алғанымыз жөн. Профессор Ф.Ш. Оразбаева айтылымның адамның өзінің санасы арқылы сыртқы дүниені қабылдап, сол қабылдаған әсерін қатысымдық бірліктерді пайдалана отырып, жарыққа шығаратын сөйлесім әрекетінің бір түрі екенін ғылыми тұрғыдан негіздеп берді [6, 547 б.]. Яғни айтылымда оқушы өзінің санасында бар ақпараттарды қолдану арқылы коммуникацияға түседі. Коммуникацияның ойдағыдай өтуі оның қатысымдық бірліктерді қолдана алуымен тікелей байланысты. Қатысымдық бірліктерге сөз, сөйлем және мәтін жататыны белгілі. Баяншының сөзін қабылдаушының қабылдауы тек қатысымдық бірліктерге ғана байланысты емес, сонымен қатар баяншының дауыс сазына, эмоциясына т.б. да тәуелді. Бір сөзді жекіп айтуға да, күліп айтуға да болады. Мәселен, қарапайым ғана мұғалімнің оқушыға сұрақ қоюдағы дауыс сазы, эмоциясы коммуникацияның сәтті өтуіне әсер етеді. Ғалымдардың айтуынша, интонация арқылы мұғалім өз пікірін мәнерлі, жағымды, көркем етіп жеткізуіне болады. Егер мұғалім дауысын қатты шығарып сөйлейтін болса, ол оқушыға кері әсер етеді. Сонымен бірге өте ақырын дауыс та білімалушының сабаққа деген ынтасын төмендетіп, тыңдау әрекетін төмендетеді. ...Мұғалімдердің сөзінде тек сөйлеу шеберлігі ғана емес, сонымен қатар оқушыны мұқият тыңдай білу мәдениеті де маңызды рөл атқарады [7, 59 б.]. Егер мұғалім қызықты бір мәліметті бастап айта бастаған сәтте оқушы яғни қабылдаушы

«мен оны білем» десе, коммуникация тоқтайды, бірақ баяншы-мұғалімде «оны қайдан білесің?» деген қызығушылық пайда болады да, сөйлеу актісі ары қарай жалғасын табуы мүмкін. Айтылымда баяншы өзіне қажетті қатысымдық бірліктерді қолданады. Ол түрлі өзгерістерге түсіп отырады. Коммуникативтік актіні жүзеге асыратын тілдік бірліктер белгілі бір заңдылықтарға негізделеді. Ғалым М. Балақаев айтқандай, «қазақ сөздерінің айтылуында өзіндік әсем үн бар, қалыптасқан жатық әуен бар...» [8, 36 б.]. Осы заңдылықтарға сүйене отырып, оқушының айтылым дағдысын меңгерту үшін түрлі әдіс-тәсілдерді іріктеп алудың мәні айрықша.

Оқушы дағдысын – қалыптастыру күрделі жұмыс. Дағды бірден қалыптасып кетпейді. Ол күнделікті іс-әрекеттерді бірнеше рет қайталау арқылы қалыптасады. Дағдылануда іс-әрекеттің тұтас өзі емес, кейбір элементтері ғана автоматтануы ықтимал. Оқушы тапсырманы бір әдіс арқылы бірнеше рет орындайтын болса, жақсы нәтижеге қол жеткізе алады. Дағдылану қажетті білімді тез игеруге, саналы түрде есте сақтауға көмектеседі. Психолог Қ. Жарықбаевтың пікірінше, дағдының қаншалықты қалыптасқанын білу үшін түпкі нәтижеге мән беру қажет. Оқушы дағдысының қалыптасу деңгейін оның тапсырманы орындауынан байқауға болады [9, 74 б.]. Егер оқушының тапсырманы екінші рет орындау сәтінде қолданған уақытты алғашқыға қарағанда азайтса, сапалы орындаса, қатені аз жіберсе, онда оның дағдысының жетіле бастағанын байқаймыз. Оқыту үдерісінде білім негізгі дінгек екені мәлім. Білімнің негізінде оқушыда білік пен дағды, практикалық іс-әрекеттер қалыптасады. Оқушының айтылым дағдысын қалыптастыруда ең алдымен осы мәселе төңірегінде қандай білім беруді көздеп отырмыз деген мақсатты айқындап алған жөн. Оқушының тек сөйлеу мәнерін жетілдіреміз бе, әлде қатысымдық бірліктерді ұтымды, орынды қолдануды ғана игертеміз бе немесе осы екеуін бірлікте алу арқылы айтылым дағдысын дамытамыз ба? деген мәселені анықтап алу қажет. Жоғарыда сөз

еткеніміздей, айтылым жеке дара құбылыс емес, ол – ұжымдық іс-әрекет. Оның үстіне айтылым тек ауызекі тіл арқылы ғана жүзеге асатын әрекет емес, ол жазба тіл арқылы да қабылданады. Мысалы, мәтінде автордың яғни баяншының ақпаратты жеткізудегі ой-өрісі, тілдік бірліктерді ұтымды қолдану арқылы қабылдаушыға әсер ету қабілеті, барлығы, көрініс табады. Автор, яғни баяншы мәтін арқылы өзінің оқырманына, қабылдаушыға, белгілі бір дәрежеде ықпал етеді. Айтылым әрекеті белгілі бір коммуникативтік мақсатты көздей отырып, жүзеге асырылады. Мысалға, Оралхан Бөкейдің «Апамның астауы» әңгімесін тебіренбей оқу мүмкін емес. Әңгімеде баланың анаға деген махаббаты, сағынышы керемет берілген. Қатысымдық бірліктер арқылы жазушы балалық шағын, апасына деген ыстық сезімін, кейбір өкінішін, өмірдің жалған екенін шынайы жеткізген. Автор осы арқылы қабылдаушының, өз оқырманының, жүрегіне жол тапқан. Тілші Мәулен Балақаевтың сөзімен айтқанда, «... шынайы шығарманың жеке сөйлемдері, сөз өрнектері белгілі мақсатқа лайық құралады. Талантты ақын-жазушының қолынан шыққан шығармаларда артық сөз, қалай болса, солай құрай салған сөйлем болмауға тиіс...» [8, 57 б.].

Сондықтан сабақ үдерісінде жаттығуға алынатын мысалдардың танымдық, тәрбиелік жағына да мән берген жөн. Оралхан Бөкейдің аталған әңгімесі арқылы оқушыға танымдық да, тәрбиелік де білім бере аламыз. Қазақ халқының қол өнері, тарихы, ұлттық әдет-ғұрпы және т.б. ақпараттар шағын әңгімеде тұнып тұр.

Бөкейдің 15 жасына дейін апасының қойнына жатуы, апасымен үнемі бірге жүріп, «*мал сойған үйдің құлағы, тәттісі мен дәмдісін*» жеуі, бала болып мал бауыздаған сәтіндегі апасының айтқан сөздерінен қазақ халқының ұлттық дәстүрінен ақпарат аламыз. Жазушы әңгімесінен алынған мәтінге тілдік талдау жасата отырып, көптеген қызықты ақпараттар беру арқылы оларды өзіндік пікір айтуға дағдыландырамыз.

С.Г. Тер-Минасованың тұжырымына сүйенсек, тіл адамдар арасындағы қарым-қатынасты тасушы құрал, сонымен бірге ол ұрпақтан ұрпаққа сол халықтың мәдениетін сақтап, жеткізіп отырады. Болашақ ұрпақ ата-бабаларының мол мұрасын өзінің ана тілімен қатар игереді [10, 9 б.]. Тілді игеріп қана қоймайды, тілдің байлығын, терең мазмұнды тағылымын қоса меңгереді, оны қатысымда қолданады.

Әрбір ұлттың тілін, оның ішкі сырлары мен қырларын терең білу үшін, сол тілдің грамматикалық заңдылықтарын игеру аздық етеді, сонымен бірге халықтың өткені мен бүгінін сараптап, ой елегінен өткізіп, халықтың әлемді тану деңгейімен сабақтас-тықта қараған жөн. Мәтінді талдау арқылы студент автордың ішкі көркемдік дүниесі және оны тудыру шеберлігімен танысады. Көркем мәтін – баяншының көзқарасын шынайы тұрғыдан баяндап, өзіндік ой-пікірін қабылдаушыға жеткізетін қатысымдық бірлік. Оқырман көркем мәтін арқылы өзінің аялық білімін кеңейте түседі, қоршаған орта жайлы таным-түсінігі тереңдейді [11, 215 б.].

Оқушы белгілі бір мәселе төңірегінде ой қозғап, өзіндік тұжырым жасау арқылы айтылым дағдысын дамытады. Ойын нақты факті, мысал арқылы дәйектеуге төселеді. Ол үшін ұтымды деген әдіс-тәсілдерді таңдап алудың маңызы зор. Қазіргі таңда интербелсенді әдістерді қолдану бірінші орынға шықты. Басында белсенді оқытудың түрі ретінде пайда болып, кейіннен жеке әдіс ретінде қолданыла бастады. Аталған әдіс тек мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты ғана іске асырмайды, сонымен бірге жұптық, топтық коммуникацияға негізделеді. Кей әдебиеттерде «диалогтік оқыту» түрінде де аталып жүр. Интербелсенді әдіс-тәсілдердің түрлеріне шеберлік-сынып, интерактивті вебинар (пікірталасқа құрылған сабақтар), кейстер дайындау, «Броундық қозғалыс», ойтүрткі (мозговой штурм), жоба жұмыстары, коммуникативтік ойындар, пікірсайыстар, сауалнамалар жүргізу, кластер түзу, «Атаулар туралы үш сұрақ», синектика, «Ойлан. Жұптас. Пікірлес»,

«Галерияны шарлау», «Төрт сөйлем тәсілі» және т.б. жатқызылып жүр.

«Оқытудың интерактивті моделін қолдану өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рөлдік ойындарды пайдалануды, мәселені бірлесіп шешуді көздейді...» деген ғалымдардың тұжырымын назарға алатын болсақ, интербелсенді әдістер арқылы білімалушыны ұжыммен жұмыс істеуге, өз пікірін еркін жеткізуге, тілдік, ақпараттық, мәдени және т.б. құзіреттіліктерін дамыта аламыз [12, 190 б.].

Нәтижелері мен талқылануы. Мектеп оқушысының айтылым дағдысын дамытуда интербелсенді әдіс-тәсілдердің рөлі айрықша екенін жоғарыда айтып кеттік. Мәселен, 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығының 6-бөлімінің «Тіл және технология» деп аталатын 7-8 – сабағындағы 5-тапсырманы бірнеше интербелсенді әдістер арқылы орындатуға болады.

Оқушыларға «Тіл және технология» тақырыбында мәтін беріліп, кластер түзу тапсырылады (Мәтін қысқаша берілді):

«Ақпараттық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіге негізделген технологияларды тіліміздің, тіл білімінің керегіне қалай жарата аламыз деген сұрақ баршамызды мазалауы тиіс...» [13, 109 б.].

Дайын мәтін бойынша кластер түзу үшін оқушы мәтінді мұқият оқиды, ондағы негізгі ақпарат пен идеяларды қағазға түсіреді. Тірек сөз, басты идея ортадағы шеңберге жазылып, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылады. Бұл тапсырманы жеке, жұптық немесе топтық формада да жүзеге асыруға болады. Ең бастысы, оқушының кластерді дәлелдеп айта білуіне мән беріледі. Оқушы өзі жазған әрбір сөзді дәлелдеп айта білуі шарт. Уақытты үнемдеу үшін түзген кластердегі өзі ең маңызды деп санайтын екі-үш сөзге жан-жақты талдау жасатса да жеткілікті.

Екінші, осы мәтін аясында «Атаулар туралы үш сұрақ» тәсілін қолданамыз. Ол үшін мәтіндегі үш терминді таңдап аламыз. Мысалы: тіл, технология, жасанды интеллекті. Осы атауларға қатысты мынандай сұрақтарға ауызша жауап беру тапсырылады:

«Қайда? Бұл терминдерді не қайда және қандай мағынада естідің?

Қалай? Осы терминдерді қолданған кезің болды ма?

Қандай? Сабақта бұл атаулар қандай мақсатта қолданылады деп ойлайсың?».

Оқушы кластер түзуде мәтіндегі негізгі тірек сөздер туралы ғана айтып шықса, бұл тапсырмада терминдердің ішкі мағынасына үңіледі, оны өзі қандай жағдайда қолданғанын немесе естігенін есіне түсіреді. Бұл екі әдісті қолдану арқылы оқушыға айтылымды жүзеге асыруда негізгі дiңгек болып табылатын қатысымдық бiрлiк - сөздің мағынасын жан-жақты таныта аламыз.

7-сыныптың «Тiлдiк бағдарында» берiлген тыныс белгiлердi меңгерту үшiн жоғарыда сөз болған Оралхан Бөкейдiң «Апамның астауы» әңгiмесiнен үзiндi берiп, «Ойлан. Жұптас. Пiкiрлес» әдiсiн iске асырамыз.

«...бiздi қойып бүкiл ауыл-аймақ, тiптi қазақ елi ең соңғы қасиеттi әйел, тұрмыстық-салттық өмiрдiң этикалық, этнографиялық, тiптi археологиялық байлығынан айрылғанын бiлдi ме?» (Мәтiн қысқартылып берiлдi).

Мұғалiм тақтаға тапсырмаларды жазады:

1-тапсырма. Мәтiнде берiлген тыныс белгiлердiң қойылу себебiн дәлелдеңiздер.

2-тапсырма. Мәтiнде жазушы қандай сөйлемдердi қолданғанын айтыңыздар.

3-тапсырма. Қазақ халқы келi мен астауды не үшiн, қалай қолданғанын мысал арқылы дәлелдеп айтыңыздар.

4-тапсырма. Бөкейдiң апасының бейнесiн берiп тұрған сөздердi тауып, оның синонимдiк қатарын табыңыздар.

5-тапсырма. Жазушының апасын этикалық, этнографиялық, археологиялық байлыққа теңеп тұрғанын қалай түсiнесiз, дәлелдеңiздер.

Әр оқушы өз ойларын 2-3 минут iшiнде қағазға түсiредi. Содан кейiн жұбымен талқылайды. Мұғалiм екi-үш жұптың пiкiрiн бүкiл сыныпқа айтқызуына болады. Бұл тәсiлдi қолдануда назарға алатын бiр жайт, мұғалiм тыныс белгiлердiң тек грамматикалық қызметiне емес,

мәтiндегi прагматикалық қызметiне де мән бергiзгенi дұрыс. Мәтiндегi басты кейiпкердi жазушының не себептi этикалық, этнографиялық, археологиялық байлыққа теңеп тұрғанын айқындатып, талдату арқылы сөздердiң коммуникативтiк актiге түсу арқылы қандай прагматикалық қызмет атқарып тұрғанына назар аудартады.

Интербелсендi әдiстердi қолдануда уақыт басты рөлге ие. Әр тапсырманы орындауға берiлетiн уақыт мөлшерi мен бағалау критерийлерiн мұғалiм алдын-ала айтып қоюы қажет. Ал топтық жұмыста оған қойылатын талаптар мiндеттi түрде сақталуы тиiс. Топтың кездейсоқ құрылуы, топтағы оқушылардың атқаратын қызметi және т.б. талаптар қатаң сақталғанда ғана тапсырма сапалы орындалады. Себебi «...оқушылармен бiрiгiптi топтық жұмыс ережелерiн құрастырып алған абзал. Бiр сабақты минут-минутына дейiн ойластырып, балалардың топтық жұмыстарын жоспарлап, коллаборативтi ортаны қалыптастыру – мұғалiмнiң кәсiби құзыреттiлiгiнiң көрсеткiшi» [14, 121 б.] Әр әдiс-тәсiлдi пайдаланған соң кеткен уақыт мөлшерi мен нәтиженi бағамдап отыру керек. Келесi сабақтарда кеткен қателiктердi болдырмауға назар аударып, әр әдiс-тәсiлдi ұтымды қолданудың жолдарын жетiлдiре түскенде ғана жоғары нәтижеге қол жеткiзе аламыз. Сонда ғана оқушының дағдысын қалыптастыруға мүмкiндiк туады.

А.А. Шаяхметова, А.Д. Сихынбайдың тұжырымынша, бiлiм алушылардың қатысымдық мәдениетiн жетiлдiруде «педагогикалық және дидактикалық жағдайларды кешендi» қолданумен бiрге өзiнiң де қатысымдық мәдениетiн үнеми дамытып отыруы тиiс [15, 94 б.].

Қорытынды. Бiр мақаланың аясында барлық қолданыстағы интербелсендi әдiстерге тоқталып, оларды қолданудың жолдарын айту мүмкiн емес. Бұл әдiс-тәсiлдердi қолданудағы мақсат – оқушының айтылым дағдысын жетiлдiру. В.М. Генкин оқушының айтылым дағдысын меңгертуде «айтылымның күрделi және көп аспектiлi құбылыс» екенiн, оның дайын (запрограммированный) және дайындықсыз (спонтанный) қалыпта

жүзеге асатынын айтады [16, 7 б]. Әрине оқушы ауызекі сөйлеуде грамматикалық ережелердің барлық заңдылықтарын сақтамауы мүмкін. Бірақ ауызекі сөйлеуде қолданылған қатысымдық бірліктер арқылы да коммуникация іске асады. Коммуникативтік актіге интонация, сөйлеу жағдаяты және баяншы мен қабылдаушының танымы мен ой-өрісі, сөйлеу мәдениеті де негіз болады. Мұғалімнің басты міндеті – түрлі әдістер арқылы оқушының сауатты сөйлеуін жетілдіру, қазақ тілінің әдеби тіл нормасын сақтауға мән бергізу. Оқушының ана тілінде сауатты сөйлеуін дамытуға баса мән беріп отыруымыздың себебі, олардың қазақтың бай көркем әдебиетінің нұсқаларын оқып, тыңдамауынан туындап отыр. Қазақ мектебіндегі оқушылардың үзілісте орыс тілінде қарым-қатынасқа түсетіні жасырын емес. Қазақ тілінің қолданыстағы аясының кеңейіп келе жатқаны рас. Бірақ ол қандай деңгейде? Қазір мектеп оқушысы кітап оқығаннан гөрі түрлі телевизиялық бағдарламаларды көреді. Өкінішке орай, балаларға тәлім-

тәрбие беріп, оларды сауатты сөйлеуге үйрететін теледидар бағдарламалары да жоқ. Соңғы жылдары қазақ тілінде жарық көріп жатқан кинофильмдердің тілі де – қойыртпақ тіл. Орыс тілі мен қазақ тілін араластырып сөйлеп отырған актерларды көріп, біз қай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз деген ой келеді. Сондықтан да осы бастан оқушының қазақша сөйлеу тілін дамытуға, айтылым дағдысын жетілдіруге баса назар аударғанымыз жөн. Мектептегі қазақ тілі мен әдебиетіне бөлінетін сағат санын көбейту осы олқылықтардың орнын толтыруға септігін тигізетіні анық. Қоғам мен адам өмірінде ана тілінің алатын рөлі зор. Олай болса, оқушының айтылым дағдысын дамыту үшін ұтымды болып табылатын әдіс-тәсілдерді пайдаланудың маңызы айрықша болмақ.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Тілдік коммуникация парадигмалары: әдеби айтылым мен латын әліпбилі жазылым» атты гранттық жобасы (ЖТН АР08855685) негізінде жарияланды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Роготнева Е.Н. Речевая коммуникация: Учебное пособие. – Томск: Томского политехнический университет, 2011. – 60 с.
- [2] Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, – 2013. – 384 б.
- [3] Пинкер Стивен. Тіл – инстинкт. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 386 б.
- [4] Гойхман О.Я., Надеина Т.М. Речевая деятельность: Учебник. – Москва: ИНФРА, 2005. – 272 с.
- [5] Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. – Москва: Просвещение, 1996. – 214 с.
- [6] Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. – Алматы: Ан Арыс баспасы, 2019. – 584 б.
- [7] Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. – Алматы: ОНОН, 2017. – 340 б.
- [8] Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
- [9] Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 1993. – 272 б.
- [10] Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
- [11] Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисі: коммуникативтік-танымдық аспект. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 204 б.
- [12] Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Нұрышева Г., Рахметова Р. Тілді оқыту: интеграциялық білім мен интеллектуалдық тұлға қалыптастырудың сабақтастығы. – Алматы: Нурай Принт Сервис, 2014. – 243 б.
- [13] Қосымова Г., Рахметова Р. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 192 б.
- [14] Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Нәтижеге бағдарланған білім жүйесін дамытуда педагогикалық технологиялардың тиімділігі //Педагогика және психология. – 2018. – №1(34). – 119-125 б.

[15] Шаяхметова А.А., Сихынбай А.Д. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру //Педагогика және психология. – 2020. – №3(44). – 93-98 б.

[16] Генкин В.М. Методика преподавания видов речевой деятельности: устная речь: методические пособие. – Витебск: ВГУ им.П.М.Машерова, 2015. – 52 с.

References

[1] Rogotneva E.N. Rechevaya kommunikaciya: Uchebnoe posobie. – Tomsk: Tomskii politekhnicheskii universitet, 2011. – 60 s.

[2] Bajtursynuly A. Alty tomдық shygarmalar zhinagy. Til – kural (kazak tili men oku-agartuga katysty enbekteri). – Almaty: El-shezhire, – 2013. – 384 b.

[3] Pinker Steven. Til – instinkt. – Almaty: Ulttyk audarma byurosy, 2019. – 386 b.

[4] Gojhman O.Ya., Nadeina T.M. Rechevaya deyatel'nost': Uchebnik. – Moskva: INFRA, 2005. – 272 s.

[5] Leont'ev A.A. Yazyk, rech', rechevaya deyatel'nost'. – Moskva: Prosveshchenie, 1996. – 214 s.

[6] Orazbaeva F.Sh. Tildik katynas. – Almaty: An Arys baspasy, 2019. – 584 b.

[7] Taubaeva Sh.T., Imanbaeva S.T., Berikkhanova A.E. Pedagogika. – Almaty: ONON, 2017. – 340 b.

[8] Balakaev M. Kazak til biliminin maseleleri. – Almaty: Arys, 2008. – 592 b.

[9] Zharykbaev K. Psihologiya. – Almaty: Bilim, 1993. – 272 b.

[10] Ter-Minasova S.G. Til zhane madenietaralyk kommunikaciya. – Almaty: Ulttyk audarma byurosy, 2018. – 320 b.

[11] Rahmetova R.S. Kazak tili sintaksisi: kommunikativtik-tanymdyk aspekt. – Almaty: Ulagat baspasy, 2014. – 204 b.

[12] Dauletbekova Zh., Raj K., Nurysheva G., Rahmetova R. Tildi okytu: integraciyaalyk bilim men intellektualdyk tulga kalyptastyrudyn sabaktastyfy. – Almaty: Nuraj Print Servis, 2014. – 243 b.

[13] Kosymova G., Rahmetova R. Kazak tili. Zhalpy bilim беретin mekteptin 7-synybyna arnalnan okulyk. – Almaty: Atamura, 2017. – 192 b.

[14] Imanbaeva S.T., Berikkhanova A.E. Natizhege bagdarlanfan bilim zhujesin damytuda pedagogikalyk tekhnologiyalardyn tiimdiligi //Pedagogika zhane psihologiya. – 2018. – № 1(34). – 119-125 b.

[15] Shayahmetova A.A., Sihynbaj A.D. Bастауыш synyp okushylarynyn kommunikativtik madenietin kalyptastyru //Pedagogika zhane psihologiya. – 2020. – № 3(44). – 93-98 b.

[16] Genkin V.M. Metodika prepodovaniya vidov rechevoj deyatel'nosti: ustnaya rech': metodicheskie posobie. – Vitebsk: VGU im.P.M.Masherova, 2015. – 52 s.

Развитие у учащихся навыков говорения посредством интерактивных методов

Ф.Ш.Оразбаева¹, Р.С.Рахметова¹, А.К.Рауандина¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
(Алматы, Казахстан)

Аннотация

Эпоха глобализации характеризуется огромным потоком информации. Не секрет, что непрерывность потока информации приносит учащимся как пользу, так и вред. Становится все более привычным явлением засорение речи, неумение грамотно говорить на родном языке, непонимание смысла некоторых слов, ограниченность языком повседневного общения и несоблюдение норм литературного языка. Поэтому в современном образовательном процессе важное значение приобретает развитие речи учащихся. Обучение учащихся грамотной и культурной речи осуществляется путем применения эффективных методов и приемов в процессе урока. Несомненно, что развитие у учащихся навыков говорения посредством интерактивных методов и приемов способствует решению данной ключевой проблемы. Говорение – это вид речевой деятельности, основанный на двусторонней связи. Говорение реализует акт речи и направлено на достижение определенной коммуникативной цели. В процессе говорения учащийся приучается выражать свои мысли и выводы. Навыки не возникают мгновенно. Их формирование осуществляется на протяжении различных этапов. Они совершенствуются при ежедневном повторении полученных знаний, оценке своих действий, выявлении пробелов и препятствий. Если ученик не способен критически оценить свои действия, не может расширить свои знания путем ежедневного выполнения заданий определенным способом, то навыки не

будут сформированы. В статье идет речь о говорении, навыках и интерактивных методах. Высказываются определенные мысли о говорении, о навыках с опорой на взгляды ученых. Предложены способы развития навыков говорения учащихся на уроках казахского языка с помощью интерактивных методов.

Ключевые слова: говорение; навык; интерактивные методы; акт речи; коммуникация; речевая деятельность; коммуникативная единица.

The development of learners' speaking skills through interactive methods

F.Sh.Orazbaeva¹, R.S.Rakhmetova¹, A.K.Rauandina¹,

¹Abai Kazakh National Pedagogical University

(Almaty, Kazakhstan)

Abstract

The era of globalization is characterized by a remarkable flow of information. It is no secret that the uninterrupted flow of information brings benefit as well as harm the learners. Speech clogging, inability to speak correctly in native language, lack of understanding of the meaning of some words, limited language of everyday communication and non-observance of literary language norms are becoming increasingly common. Therefore, development of learners' speech is of great importance in modern educational process. Teaching learners to literate and cultural speech is carried out through the use of effective methods and techniques in the process of lesson. There is no doubt that the development of learners' speaking skills through interactive methods and techniques contributes to solving this key problem. Speaking is a type of speech activity based on bilateral communication. Speaking implements an act of speech and is aimed at achieving a specific communicative goal. In the process of speaking, the learner learns to express his thoughts and conclusions. Skills are not created instantly. Their formation is carried out during various stages. They are improved by daily repetition of gained knowledge, evaluating their actions, identifying gaps and obstacles. If the learner is not able to critically evaluate his actions, cannot expand his knowledge by completing daily tasks in a certain way, then the skills will not be formed. Speaking, skills and interactive methods are considered in the article. Certain thoughts are expressed about speaking and skills based on the opinions of scientists. The ways of developing learners' speaking skills in the lessons of Kazakh language using interactive methods are proposed.

Keywords: speaking; skill; interactive methods; act of speech; communication; speech activity; communicative unit.

Редакцияға 02.07.2021 қабылданды.

ГРНТИ 14.07.09

<https://doi.org/10.51889/2021-3.2077-6861.24>

К.Ф.ШИРИНОВА

*Шекинський філіал Азербайджанського державного педагогічного
університету (Шеки, Азербайджан), sirinova.kifayet@mail.ru*

ЭЛЕМЕНТЫ МОДЕЛИРОВАНИЯ КАК ИНСТРУМЕНТ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКЕ (5-6 классы)

Аннотация

В статье кратко анализировано состояние мирового образования последних лет. Отмечен бурный рост технологических средств обучения и негативное влияние пандемии на учебный процесс. Необходимость поиска способов преодоления негативных последствий в образовании, вызванных пандемией. Проанализирован ряд научной литературы по моделированию. Обращено внимание на многозначность слова «модель». Перечислены области науки, где применяется моделирование. Вместе с тем выражено важность дидактического значения этого слова. Изложены общие и отличительные черты моделирования